

**ҚАЗАҚ ССР ЖОГАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

**С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНДІ ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ӨТКЕН ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ

(методикалық талдау)

АЛМАТЫ 1986

ҚАЗАҚ ССР. ЖОГАРЫ ЖЭНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
С.М.КИРОВ АТЫНДАРЫ ЕҢБЕК КЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНДІ ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ

Ө Т К Е Н Ш А Қ К А Т Е Г О Р И Я С Ы
(методикалық талдау)

АЛМАТЫ, 1986.

Составитель : Туймебаев Ж.К. Методическая разработка по теме "Категория прошедшего времени".
г. Алма-Ата, Изд. КазГУ, 1986, с.

Рецензент: ТОМАНОВ М.Т.
Доктор филологических наук, профессор.



Казахский государственный университет
им. С.М.Кирова, 1986.

I. Синтетикалық формалар

Казіргі қазақ тіліндегі ашықрайдың еткен әрнәң синтетикалық формалары -ды/-ді, -ты, -ті/, -ған/-ғен, -қан, -қен/, ып/-іп, -п/, -атын/-етін, -ітын, -йтін/ түлғалы болып келеді. Парадигмметикалық және синтагматикалық түрліден қарастыру атап да шақ түрлерінің функциональды - семантикалық потенциалы айқындауға мүмкіндік береді. Әрбір еткен шақ түлғасы темпоралдық және модельдік мәғыналардың бірлігі өркемдіктерінде көрінеді.

I. -ды формасы. -ды еткен шақ түлғасы - түркі түлдерінің барлығына тән болып келетін, сейлеу кезеңіне дейін іске асқан кимыл, әрекетті білдіретін негізгі көрсеткіш.

-ды формасының беретін мәғыналық қырлары тәмендеғіше болып келеді.

-ды түлғалы еткен шақ формасы сейлеуші езі қатысқан, 'бакылаған' немесе араласқан іс=әрекет жайлы хабарлғанда қолданылады: "Мен жаңа жылды курды қыздармен бір компанияда карсы алатын болдым", - деп әмірімде бірінші рет ата=анамды алдаң кеттім. (Т.Ахтанов).

-ды түлғасы сейлеушінің іс=әрекетке қатысна қарай, кимылдың айғақтылығына байланысты айтылған жағдайда қолданылады: "Нұрланың тізелері дірілдеп, сол турған жерінде отыра кетті". (З.Шашкин).

Көркем әдебиет шығармаларында автор іс=әрекеттің күесі болған жағдайда қолданылады: "Екеуде атып тұрды, Ақ бантиткі кышешесін асықтыра тусты". (Қ.Мәшін-Жусіпов).

Ауыз әдебиетінде, көркем прозада кейіпкерлер сезін беру үшін диалог, монологтарда қолданылады, мұнда автор сол кейіпкерлерге сез береді:

- Сізге мұны кім істеп берді.
- Жер ауып келген бір черкес түімде жатып, осыны бір жыл істеді. Ақысана бір ат, сурнушпак ішік бердім. Бір жыл тамагын асырадым". (С.Мұқанов).

"Найзаны о да салды, мен де салдым,
Менен бурын буганемнан кесіп шуды.
Екеуімізге бір елім болды рой деп
Канжармен мылыктан беріп қалдым".

(Арқалық батыр),

- ды тулғасын топтағанда айғакты, айғаксыз деп араларына жік қоюға болмайтындығын, бул тулғаның ауыз әдебиетінде көптеп кеңадесуі де дәлелдейді .

Ауыз әдебиеті шығармаларындағы бір ерекшелігі - мунда айтусы (ертеғіші, жұршы) айтылған нәрсеге қуәгер сияқты қатынаста болады.

"Күбылып бурыл буледі,
Табаны жерге тимеді,
Кулактың тубі терледі,
Тер шыққан сайын ерледі".

(Көбіланұры батыр).

- Қыздардың үшеуіне үш шелек беріп суга жіберді . Шелектердің тубі тесік екен, қыздар күн бойына шелекті толтыра алмай әуре болып жүрді ". (Қазақ ертеғілері). "Хасан құстың айтқанын орындады". (Қазақ ертеғілері).

Жоғарыдағы мысалдарда -ды тулғасы сейлеуші күә болмаган, қатыспаган киммелдерді білдіріп түр. Осы тулғаны өткен шақ форма-ларының -ын тулғасымен де алмастырып беруге болады. Бул екі форма ауыз әдебиеті шығармаларында әрқашан кезектесіп келіп отырады.

- ды өткен шақ тулғасының сейлеу моментіне дейін болған күмбез, іс=әрекетті беруде де өзіндік ерекшеліктері бар.

- ды тулғасының шактық мәні сейлеу кезеңі мен кимылдың іске асусының, ара қатысымен айқындалады. -ды тулғасы білдіретін күмбездің сейлеу моментіне қатысы түрлі сипатта болады.

Сейлеу кезеңіне дейін жақын арада болған кимылды білдіру.

- ды өткен шағы қыпшақ тілдерінде сейлеу кезеңіне дейін жақын арада болған немесе тұра сейлеу моменті алдында болған күмбэздің білдіре алады. Айта кететін нәрсе - оны мұндай қолданыста басқа өткен шақ тулғаларымен алмастыру мүмкін емес.

"Каражым, мына түрімізбен қалай енелік, көксау шалдың күнегі бір вак кымызына келдім" (Г.Мустафин).

Бул мысалдардагы -ды формасы өткен шақтың басқа тулғалары мен алмастырсақ /-ын/ немесе -ған/, онда кимылдың жақын арада гана болғандығы сезілмес еді. Айта кететін тағы бір нәрсе - қуаныш, етініш, т.б. кәніл-күй етінішті білдіретін етістіктер кейде -ды формасында осы шақ мәнін де береді.

Н.И.Дмитриев -ды формасының мұндай ерекшелігі ретінде (сейлеу кезеңіне дейінгі, жақын арада гана болған кимылды білдіру) оның іс=әрекеттің нәтижесін емес, сол кимылды білдіруі ретінде айтып кетеді. Оған дәлел ретінде мысалдарды анызекі сейлеу тілінен де кептеп көлтіруге болады. Мысалы; "Қар жауды (қар жауу басталды дегенді білдіреді, бірақ қар жауу токталған жок).

Шынында да, сейлеу кезеңіне дейін жақын арада, немесе сейлеу кезеңінің алдында гана болған іс=әрекетті білдіруі -ды өткен шақ формасының кимылдың нәтижесін емес, оның өзін берудегі ерекшелігі болып табылады. Бул форма кимылдың жаңа басталып, оның нәтижесі жайлы айтуға ерте кезде де қолданыла береді.

Сейлеу көзінен кез=келген қашыктықта, оурын солған кимылды білдіруі. Бундай қолданыстағы ерекшелігі ретінде -ды тұлғасының өткен шақ формаларының басқа көрсеткіштермен алмаса алу мүмкіндігін айтамыз. Мұнда шақ формасын таңдалған қолдану сейлеушінің кимылдық нәтижесіне немесе болғандығына назар аударуына байланысты. Сондыктан мұндай алмасулардың арасына тепе=тәндік белгісін қоюға болмайды.

Бұрналас сейлем курамында келгендеге -ды формасы алмасуға еркін көне бермейді. "Осы сәтте көзім шалым қалды. Кара жорғам аяғын сілкіп жіберіп, жандармен бір кісінеді де, курс етіп кулап тусти". (Олжасов).

- ды өткен шақ формасы сейлеуші өзі күэ болмаган, қатыспаған, бірақ сол уақыттаның, кимылдың болғандығы айын жағдайда да қолданыла береді. Мысалы: "1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Осы тулға өткен шақ көрсеткіштеріне қараганда, тарихи фактілерді, даталарды беруде жиі қолданылады.

Мысалы: "1954 жылы тың жерлерді игеруге мындаған совет жастары аттанды".

Белгілі бір уақытта, бірінен соң бірі болған, өткен шақта болған кимылды білдіруі. -ды тұлғасының мұндай мақсатта қолдаңылуы, сейлеушіге болған іс=әрекеттің, кимылдың динамикалық картинасын көрсетуге мүмкіндік береді. Сатылай қолданыс сейлеу моментіне, яғни осы шаққа жақыннатудың бір тәсілі ретінде де қызымет етеді.

"Ханбуркіт маган тәніп келді де, кілт бурылып кетті. Жас қанатты орынан түргышы, үстін қакты. Ол өзіме жазықсыздан жазықсыза урыскасын көзіме жас үйіріле қалды". (К.Омаров).

Жоғарыдағы мысалдардагы кимылдар -ды формасы арқылы өзінің әмоциялық - экспрессивтік реңкін жойып турған жок. Осындай бірінен соң бірі болып жатқан кимыл, іс-әрекетт , уакығаны беруде -ды еткен шақ тұлғасымен қатар, осы шақ тұлғалары да қатар жүреді. "Сур есек беziп барады, ана жүгірмек мені көрісімен выта женелді". (К.Омаров).

-ды тұлғасының тағы бір ерекшелігі, оның бір дүркінді аяқталған кимылды беруі . Бұндай қолданыс көптеген түркі тілдерінен төн. "Гүлина көзін қайта жұмылды". (К.Мешнур-Жусіпов).

"Үстіне сауыт ылғасыді,
Жанына байлап болатты.
Беліне садақ ілгізді".
(Қосыланды батыр).

"Ас дайындауга бірлесіп, шұғыл кіріскен жас жұбайлар дем арада кек кострюльдің буын буркыратып, ішіне картоп, капусталарын салып жіберді". (О.Исмаилов).

- ды еткен шақ формасының кимылдың бір дүркінділігін немесе көп дүркінділігін, аяқталғандығын, сөзықсылығын білдіруі етістік семантикасымен де байланысты. Етістік негізінің сейлемдегі қолданысина қарай оның қандай мәнде қолданғандығын білуге болады, сондыктан да болар көптеген етістіктер орыс тілінен контекске байланысты бірде совершенный вид, бірде несовершенный вид түрінде аудирылады. -ды формасының осындай мағыналық қырларын алғындауда комплексті көзқарас қажет, яғни етістік семантикасы және контекс ескерілуі керек: "Света маган жауап қайыран жок, қабагын шытынып, аз уақыт үнсіз отырды да маган емес, басқа біреууге айтып отыргандай сезін бастап кетті". (Т.Ахтанов). "Ашу кернеген Кошкин не қыларын білмеді . Протокол жасайын деп ғашкі қалтасындағы қарындашқа қолын салуға бір ойлап еді, тоңу 3-4363

мен ашу қабаттасқандыктан денесі де, колы да қалышыдан кетті".
(С.Муқанов).

Басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілінде де кимылдың бір дүркінділігін, кеп дүркінділігін, созылыңқылышын, аяқталмаған-дығын білдіру үшін аналитикалық конструкциялар көнінен колда-нылады. Қазақ тілінде мысалы, бер, шық, кет, жур, бол, бар, қал, кара, кел, жібер, тус, кер, қой т.б. етістіктері кесемше-нің -а, -е, -й, -ып, -іп, -и қосымшаларымен тіркесте кимылдың созылыңқылышын, аяқталғандыры сияқты тағы басқа мәғынагар береді. "Айбала орнынан турып, үстіне күпісін, аягына пимасын кіп тыска шығып кетті". (С.Муқанов).

Сонымен -ды еткен шақ формасы аудың екі сәйлеу тілінде, пуб-лицистикада, ғылыми, көркем әдебиет тілінде көң қолданылады. Бул тұлға - қазір де түркі тілдерінде елеулі езгеріссіз колда-нылатын узақ тарихы бар шақ формасы. Кимылдың іске асұнын, сәй-леу кезеңіне қатысина қарай -ды формасы сәйлеу моментіне дейін жақын арада болған немесе сәйлеу кезеңі алдындаған болған немесе сәйлеу кезеңінен кеп бурын болған іс-әрекетті білдіре алады.

-ды еткен шақ формасы кимылдың түрлі сатыларын - созылыңқылышты, дүркінділікті, аяқталған, аяқталмағандықты беруге де қабіледі.

-ды тұлғасы қазақ тілінде стильдік мақсатта аудың қолда-нылуға да бейім.

2. -ған еткен шағы. Бул шақ формасы түркі тілдерінің кешшілігіне тән, сан қырлы мәғынелік реңктері бар, өнімді қолданы-латын тұлға болып табылады. -ған еткен шағының грамматикалық табиғатының курделілігі оның дербес шақтың және модальдік ма-

ғыналарын көрсетеу аркылы айқындала түседі.

-ған еткен шақ формасы сейлеуші үшін оның бурын болған фактіні білдіреді. Бул жағдайда оның қызметі -ды еткен шақ формасымен уштасады.

"Султанмахмуты мініп келу үшін, атын үйіне қайырып Шокпың өзі қалада көнін қатғаң" (Д.Әбілев).

Келтірілген сейлемдегі -ған еткен шақ формасы баяндауыштарды -ды тұлғалы еткен шақ формасымен де беруге болады. Екі жағдайда да екі шактың формасы еткенде болған іс-әрекет, кимылдың айғақтылығын білдіріп түр. Алайда, бул формалардың мағынасындағы айырмашылық, Н.К.Дмитриев айтқандай екі форманың да осы шаққа қатыны дәрежесінде. -ды тұлғалы шақ формасы кимылды осы шақпен байланыстырмайды, тек еткенде болған факті жайын хабарлайды. Ал -ған шақ формасы еткенде болған іс-әрекеттің қазіргі кезең мен жағдастырады. Оны осы шақ көзқарасы тұргысы жағынан қарастырады.

Бул жағдайдеги сейлеуші кимылдың өзіне, динамикасына емес, нәтижесіне баса кеңіл беледі.

-ған тұлғасының перфектілік мағынасы дегендеге, түркологиялық әдебиетте оның кимылдың өзін емес, нәтижесін білдіруі үткенінде. Бул форманың мағынасы баяндауыш қызметінде қолданылуына байланысты еткен шаққа айналған -ған есімшесінің табиғатынан туындарды.

Н.К.Дмитриев башқорт тіліндегі -ған еткен шақ формасының күрьымдық жағынан еткен шақ элементтерінің осы шақ элементтерімен комбинациясы деп қарастырады да, оны "промедшее настоящее" (перфект) деп атайды. Башқорт тіліндегі "алғанмын" сезін "я семб

тот который взял (брал)" деп береді.

Б.А.Серебрянников шақ түлғасының осындай мағыналық ерекшеліктері жайлы сөздей дейді: "Особенность значения глагольных времен в значительный степень определяется историей происхождения".

Егер -ған еткен шақ формасы тарихи түргыдан осындай анықтауыштық тіркеспен пайдада болған болса, онда шынында да алғашқы қалында -ған түлғасы перфектілік мәнде жүмсалған болуы керек. Яғни сөйлеу кезінде нәтижесі бар күштілдік сілдірген. Алайда, -ған түлғасының еткен шақ мәнін білдіруде тек осы қырымен шектеліп қалмайтынын айтуымыз қажет.

Сонымен -ған еткен шақ формасы қазақ тілінде перфекті ретінде мынандай жағдайларда қолданылады.

Сейлеу кезінде нәтижесі бар, еткен шақта болған іс=әрекетті білдіру үшін, мысалы: "Оның осы кешелігі мен күншілдігін сынап Султанмахмут "Күншіл Ақкірлік" деген елең шыгарған". (Д.Әбілев). "Содан табандатқан үш ай тесек тартып, елімнен әлең қалған". (Д.Әбілев).

Бірінші мысалдары -ған еткен шақ формасы сейлеу кезінен соңын болған істі жайғана хабарлап турған жоқ. Султанмахмут шыгарған елеңнің қазіргі кезеңмен байланыстылығына баса назар аударылып отыр. Екінші мысалда да осы сияқты.

-ған формасының диалогті сейлемдердегі ерекшелігі жайлы Н.Маманов сыйладай дейді:

Диалогті сейлемдерде бурынғы еткен шақ формасының мағынасы тіпті анығырақ аңғарылады.

- Мәкіш, сен Жумекеңе неңе салем бермейсің.

-Жумекенді мен әлгінде көріп, салем бергенмін.

Бул сейлемде де сейлеуші. (Жекіш) Жумекене салем бергендігі туралы жай баяндап турған жок, соған көңіл аударыш, ой салмағын түсіріп айтып түр".¹

"Бір күні наң дүкенінде кезекте турған" (С.Жұнісов).

"Жок, мама. Жай әшейін. Кеше туні бойы емтиханға дайындалғам". (С.Жұнісов).

Аталған мысалдарда сейлеуші кимылдың тек болғандырын хабарламайды, оның басқа іс-әрекеттеп байланыстылығына назар аударылады.

Егер сейлеуші үшін кимылдың тек болғандыры ғана басты нерсе болса, онда оны білдіру үшін -ды тұлғалы еткен шақ формасын қолданған болар еді. Алайда, мұнда, басты назар көрсетілген кимылдың басқа іс-әрекеттеп байланыстылығына аударылып отыр.

-ған шақ формасының болған кимылдың нәтижелілігінің турақтылығын білдіретін де жайлары бар. Мысалы: "Халқының мынау курметіне, асылдарын еске түсіріп жатқан улы күнде жан күйігін сыртқа шығармасстан тістей қатып, көңілін бейіл устауга бекіген (Д.Әбілев). "Мінез-әрекеттері де, қазактың ылыштылығымен кірленбеген" (Д.Әбілев).

Бул мысалдардағы еткен шақта іске асқан кимылдың нәтижесі турақтылыққа айналғандай болып көрінеді. Оның мәні қазіргі шақта да жойылмағандай.

Кейбір жағдайларда -ған еткен шақ формасы езі күе болмаган, оларқа растығына сенімді кимыл, оқиғаларды хабарлайды. Мысалы: "Шевченко езінің Карагатауда экспедицияда болған кезінде жеттіс-

1. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы, 196

тен астам сурет саған" (Е.Мірбеков). "Ж.Жабаев кедей семьяңында тұған, оның балалық шағы жошылыкта еткен".

Бул қолданысында -ған еткен шақ формасының қызметі -ды еткен шақ формасына жақындағы, -ды және -ған көрсеткіштерін мұндағы жағдайларда алмастырып қолдана беруге болады.

-ған еткен шақ түлгасы күмылдың түрлі сатысын беруге де бейім. Бұнда етістік семантикасы мен қосымша лексикалық көрсеткіштер және контекст белгілі бір рөль атқарады.

Бір дүркінді күмылды білдіруі: -Е, кур=дагы жылды неме. Бүгін осында маза бермеген соң әжел екеуміз қуып шыққамыз (М.Әуезов). Созылышқы, кеп дүркінді күмылды білдіруі: Кунузын аттан да түспей, әзге жүргішілерден оқ бойы алда отырган (М.Әуезов). Кең ушына кетіп узап алып, ылғи жапа=халғыз шауып отырган.(М.Әуезов).

-ған еткен шақ формасы сөйлеу моментінен бурын түрлі қашықтықта болған күмыл, іс=әрекетті білдіреді. Ҳұмабай қалада бұған түсініксіз сірараз мінездер істеген (М.Әуезов). Қутжан сонау аныстары Сыбан ішіндегі нағашыларын іадеп барып, алып қашып келген (М.Әуезов). Ие, мен соларды тексереп келгемін (С.Жұнісов).

Сонымен -ған еткен шағының қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу өрісі оның шактық және модальдік турғыдан өзіндік мағыналық ерекшеліктерінің бар екендігін көрсетеді.

3. -ылты еткен шағы. Өткен шактың бул түрі - қазақ тілінде -ды еткен шақ түлгасынан кейінгі ең өнімді форманың бірі. Зерттеулердің көрсетуінше, -ылты еткен шағының М.Әуезовтың "Абай холы" романындағы қолданылуы темендеғідей болып келеді. Ең жиі қолданылғаны Ш жакта (1391 рет), одан кейін П жак (54 рет), сонында I жак (43 рет).¹

1. Мырзабеков С. Статистико-лингвистический анализ структуры глагола современного казахского языка. АқД, Алма-Ата, 1973. стр. 22.

Аталған шақ тұлғасының сейлеу көзөніне қатыс және модаль=дік реңктерін айқындау арқылы оның функциональды – семантика=лық сипатты танылады.

–ыпты еткен шағының негізгі магыналық ерекшелігі ретінде сейлеуші күә болмаған, қатыспаған же оның еркінен тыс болған я басқа біреулерден естіген іс=әрекетті білдіруі уғынылады. "Соны ғадеп табамыз деп, екеуді Қызылшоқының Шыңғыс жакқа кара=ғанды мен Ақсүйратқа оның жылдың ішінде төрт мыңдан аса дұмыс=кер жинап беріпсіз" (М.Әуезов). "Сіз Каға=ғанды мен Ақсүйратқа оның жылдың ішінде төрт мыңдан аса дұмыс=кер жинап беріпсіз" (Г.Мустепов). "Сол Такыр Омардың ауынына бір бастығы мен жеті солдат барыты. Омар бәрін алдап, жетеу=ін де елтіріпті. (С.Сейфуллин). Берілген мысалдарда –ыпты ет=кен шағы айтуды араласпаған, қатыспаған, реальды фактілерді білдіреді. Мұндай кимылдар сейлеушіге басқа бір маліметтер не іс=әрекеттің нәтижесі, салдары арқылы белгілі болған. Бірін=ші мысалда Абай мен Жиленшенің Қызылшоқының шетіне дейін барып қалғандығы, коян іздеудің қызығының әсерімен, яғни кимыл ерік=сіз, байқаусыз күйде іске есекан. Екінші мысалда –ыпты еткен шақ формасы сейлеушінің назарынан тыс, ол күә болмаған, басқа біреуден естіген әрекетті білдіреді. Үшінші мысал да осындай.

–ыпты формасы ауызекі тілде сейлеуші еткен шекта болған ки=миды өзі бақылаң не істеген жағдайда, ал көркем шығармаларда баяндау, диалогтарда қойданылады да, негізінен кимылдың нәтиже=лілігі магынасын береді. "Жайлауга қарай, Шыңғыс аскалы беттеп келе жатқан елдің уш=төрт ауылы қоныпты. Бұның бері "Кунанбай ауылы" деп аталады" (М.Әуезов). Бул үаіндідегі факт реалды. Ауылдың қонғандығы өзге біреулер естіген маліметтер арқылы емес, нақтылы нәтижесі арқылы баяндалған. Яғни ауыл алі қонып жатыр, орналасқан және тұршылік етуде. Егер –ыпты тұлғасын –ды еткен

шак формасымен алмастырсақ, онда ауылдың қонғандығын Абай мен оның жаңындағылар көргөн болып шыгар еді.

Айта кетер бір жайт -ыпты формасының өртегілерде қолданысında өзіндік ерекшелігі бар. Мұндай функцияда -ыпты еткен шағының модальдік реңкі солғындан, тек таза еткен шактық, мәні, хабарлау, баяндау сыпты қалады: "Ертеде бір хан жұрттына жар шақырыты. Әр жерден ханның қызын алып, уәзір болуды сүйгендер келіп, ханның алдында қырық ауыз өтірік әңгіме сейлеймін дегендердің сәрі де үйқастырып айта алмай өтіп кетіпті. Кейбіреулер айтармын-ақ деп құшырланып келсе де, жүрексініп, ханның алдына кіре алмай сырттан қайтыпты" (Қырық өтірік).

Халық ауыз әдебиетінің ішінен өртегілер мен аныз-әңгімелерде -ыпты еткен шағының осындағы қолданысы жі көздеседі. Бул, ең алдымен айтушының баяндау стилін жақсарту, әңгімені жанды етіп беру, тыңдаушыга эмоциялық әсер ету мақсатынан туындаиды. Екінші бір байқалатыны - өртегі, аныздардың баяндау жүйесінде -ыпты еткен шағы жөбіне осы шак формасымен алмасып қатар келіп отырады да іс-әрекет оқиғаны динамикалық күйде беруге қабілетті болады. Соның кезге түсөр айрыкла сыпты - оның негізінен түшінші жақта қолданылуы. Мысалы: "Жиреншениң әйелі аяққа ас күйп, ауелі Жиреншеге беріп, соナン соң алғі қонаққа беріпті. Соナン соң Жиреншे қолына берген айраны устап турып айтады" (Жиреншे туралы).

Өткен шактың аталған түрі ауызекі сейлеу тілінде де кептеп ушырасады. Көркем шығармаларда, диалогтарда, кейіпкерлер тілінде көздеседі. "Балам, бойың есіп ержетіп қалыпсың=ау. Молда болдың ба. Бойыңдай бол білімің де есті ме." (М. Үезов). "Жуманың қатыны, Калика деген бір женгесі: "Телгара. Айналайын Телгара. Соктедай азамат бол кетіпсің=ау". - деп мойнынан күшектай алып,

бетінен сүйді (М.Әуезов). Бул мысалдарда -ыпты еткен шақ формасының бірнеше магыналық қырларын көре аламыз. Абайды бурыннан билетін, бірақ белгілі бір уақыт көлемінде болған қеадеспеген адамдар оның әскениң, ержетіп азамат болғанын көріп, мұндай тез өзгерісті күтпегендігін, әрі сонымен бірге оған деген таңданысын -ыпты тұлғасы арқылы берген. Яғни -ыпты еткен шақ формасы кимылдың осы қозеңдегі нәтижесі, күтпегендік, таңдану тәрізді модальдік магыналарды білдіріп тур. Атап өтер бір ерекшелік, - осындағы -ыпты еткен шақ формасын басқа тұлғалармен аудыстырысқа, күтпегендік, таңдану модальдік рептері жойылып кетер еді.

Казак тіліндегі -ыпты еткен шағының темпоралдық және модальдік мәндері сан қырлы. Модальдік магына беруінің бір түріне -ыпты формасының еткен шақта болған кимылды білдіруі және оны сейлеушінің басқа біреулер арқылы білуі жатады. "Кешке жолдастардың Байсейіттен басқасы жұмыстан қайтты. Байсейіт қашып кетіпти" (С.Сейфуллин). "Жігітекten көрсетілген отыз кісінің тағы бірнешеū үсталыш кеп, абақтыға тусіпті. Базаралы, Карапша болса қашып жүр деседі". (М.Әуезов). Алғашқы мысалда Байсейіттің қашып кетуі оның жолдастары арқылы мәлім болса, екіншісінде Жігітек кісілерінің абақтыға тусуі жүрттың сөздерінен белгілі болған. Екі мысалда да еткен шақтағы кимылдың айтуши назарынан тыс өтіп кеткендігі анық, көрініп тур. Оқиғаның реалды факт екендігі, ал баяндалған іс әрекеттің әяқталғандық сыпаты сөйлемдерде айқын сақталған.

Еткен шақтың -ыпты формалы түрі кимылдың айғақсыз болғандығын, яғни сейлеушінің бақылаудан тыс іске асқандығын әрі оны басқа біреулердің аудынан есті гендігін білдіреді. "Хал=жайын сурал білдік. Бул ел сол күні шеткі орыс поселкелерінен қелген

25=тей солдатпен өреуіл жасасылты. Солдаттар мылтық атып, бірекіңі үшіннен астарындағы аттарын жаралапты". (С.Сейфуллин).

Келтірілген сейлемдердегі -ыпты формасын -ды еткен шақ тұлғасымен алмастырсақ, оқиғаның айтушының назарынан тыс болғандыры және өзге азындан естілгендігі тәрізді модальдік реңкі сакталмас еді. Сонымен бірге текстегі алғашқы сейлем де көңіл аударалық. Оnda айтушының жаңалықтардың конуға түскен үйден сурал білгендігі айтылған. Яғни сейлеушінің оқиғаны басқа кісілерден естіп отырғандыры қосымша айқындалып тур. Тары бір атап әтер ерекшелік - екінші, үшінші сейлемдердегі -ыпты тұлғасын -ды еткен шақ формасымен ауыстырудың мүмкін еместігі. Мұндай жағдайда алғашқы сейлем мен кейінгілерінің арасындағы мағыналық байланыс ыдырац, үйлесімділік жойылады.

-ыпты еткен шағының келесі бір айрымда мағыналық қыры ретінде сейлеуші назарынан тыс, еткенде болған оқиғаны оның накты нәтижесі немесе салдары негізінде білдіруін айттар едік. "Атын да, кісісін де болжай алмады. Өдейі тынаттайын деп, бет аузын таңып алыпты" (М.Әуезов). Мысалда -ыпты формасымен атты кісінің бет=аузын еткен уақытта таңып алғандырыған көрсетіліп қоймай, оның алі де таңулы тұргандыры берілген. Яғни ким мылдың хабарлау кезеңінде де нәтижесі көрініп тур.

-ыпты еткен шағының мұндай модальді мағыналық ерекшелігі оның морфологиялық қурамымен байланысты, ейткені бул форманың езі -ып кесемшесінен және -ты қосымшасынан тұрады. Ал қазір Ш жақ көрсеткіші ретінде қаралатын -ты аффиксінің бір кездегі тур көмекші етістігінің көрінісі екендігі белгілі. Көне дәүірлерде шұ жақта да -ып кесемшесімен қолданылған түр етістігі қазіргі казақ тілінде тек Ш жақта ықшамдалған күйінде сакталған. Оның

даму жолы мына түрде: -ып турур -ып тур -ып ту. Осы түр етістігі болып еткен кимылдың нақтылы нәтижесімен бірге, оның күй-калыпқа кешуін, яғни айтылу кезінде де сакталы турғандығын көрсету қабілетіне ие болған. Соңдыктан да -ышты еткен шағына кейбір ғалымдар "прошедшее время с наличным результатом",¹ "прошедшее в настоящем",² "прошедшее - настоящее"³ тәрізді атаулар берген.

-ЫЛТЫ еткен шағының колданысындағы осындай ерекшелік, яғни екі түрлі магыналық қырдың уштасуы сейлемді жаңдаңдырып, оған айрықша модальдік реңк береді. Мысалы: "Жумабай жана байқады. Бала бестінің тебелін саз балшықлен баттастырып тұрып сылаң қойыпты". (М.Әуезов). Бунда бала бестінің тебелін Жумабаймен көздескенге дейін сылаң қойған. Алайда сол сылаң қою фактің көздесу түтінде нақты нәтижесі арқылы сыланған күйінде көрініп түр.

Сонымен бул мысалдары "-ылты еткен шақ формасының мынадай магыналық қырлары бар: 1) Қымыл еткен шақта ешкім күе болмаған жағдайда істелген; 2) еткен уақытта болған іс-әрекет нақтылы нәтижесімен көрінген; 3) баяндалған қымыл аяқталған; 4) ол реалды шындық күбылыс.

1. Басқаков Н.А. Очерт грамматики каракалпакского языка.

Каракалпакско-русский словарь. М., 1958, стр. 852-853.

2. Басқаков Н.А. Краткая грамматика каракалпакского языка.
г. Туркудъ, 1931-1932 гг. стр. 88-92.

3. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.=Д., 1960, стр. 233.

Өткен шактың атаған түрінің жоғарыда айтылған өзіндік моздальдік реңтері көркем шығармалардағы баһаудауда, кейіпкерлер сөзінде, тасиғат құбылыстарын суреттеуде ерекше байкалады да басқа өткен шак тұлғаларымен ауыстыруға кене бермейді. Ал алмастырган жағдайда сейлем магынасына айта қаларлықтай өзгеріс енеді. "Алтқаныңдай ағатын жатқан қакпан екен. Елдекім қиікті босатып алыпты да, бауыздапты. Соңсоң бауыздау қанымен қакпанның тілін қандап, шаппасына ақ орамал тістетіп кетіпті. Орамалдың бір сұрышында түйіншегі бар. (А.Сейдімбеков). Үзіндіде айтуыш -ыпты тұлғасын өздері қатыспаған қымыздың өткен уақытта жузеге асқандығын, ал оны болған іс-әрекеттің нәтижесі, салдары негізінде білгендігін көрсету үшін қолданған. Қакпанға тускен қиікті елдекімнің босатып алып бауыздағанын, соナン соң қакпанға ақ орамал тістетіп кеткендігін жарапланған қиіктің ізімен келе жатқан аңызлар көрген жоқ. Бірақ қакпанның бос жатуы, айналасындағы қан, қалдырылған орамал - барлығы болған іс-әрекеттің нәтижесі, соның күесі. Осылай айғақтардың негізінде өздеріне дейінгі оқиғаны нақты айтып бере алып тур.

Егер -ыпты формасын өзгертіп, орында -ды өткен шағын қолдансақ тіпті басқаша өсер туады, яғни сейлеуші бол жағдайда өтіп кеткен оқиғага күәгер ретінде қатысады. Ал текстің жалпы мән мұндық тутастығы жойлады. Тәмендегі мысалдарда -ыпты өткен шағы ерекшелігінің тағы бір қыры байкалады: "Ақша қардың үстінде бадырайш үлкен із жатыр. Реті елсізге, Тастықудыққа қарай кетіпті". (М.Әуезов). "Іңдердің орта жерінде екі қалың сасыр шайкалып өсіпті. Қазірде соның түбінде қыскы жуні өбден түлеп балмаган ақ қасқыр жатыр".

(М.Әуезов). "Келсем, әкей түзакка түскен кусты бешпетінің шалғайына орап ала қойылты. Тап бір жау жарысқа түскендей екі иінің дем алыш отыр". (А.Сейдімбеков). Мунда да басты магынылық өзгешелік ретінде -ылты еткен шак формасының күй-қалыпқа еткен күмыл, процесті білдіруі уғынлады. Бірінші мысалда кардым үстінде із жатыр, бағыты көрініп тур. Екіншісінде індердің ортасында шептің өсіп тұргандығы айтылған. Екеуінде де -ылты формасы күй – қалыпты беру үшін пайдаланылған.

Әткен шактың -ып тұлғалы түрінің қандай жақта қолданылуына байланысты да оның магыналық ерекшеліктері сараланып отырады. Әсіресе бірінші жақта қолданылуы назар аударапты. Мысалы: "Ел аузына іліккен қарілез қашықтың осы екеніне еш күмәндандыстан қарал қалыптын" (А.Сейдімбеков). "Есімнің шықканы сонша, бар болғаны салыны суырып, жота жағымды қамшылай беріппін. (М.Әуезов). Екі сейлемде де ортақ күбылтыс -ылты формасының өткен уақыттагы күмылдың кенеттен болғандығын, күтілмеген әрекет екендігін көрсетуі. Екі жағдайда да күмылдың иесі - сейлеуші.

-Ып тулғасын айтуды өзінің іс-әрекетін умытқанда немесе күмыл еркінен тыс я байқаусызда болғанда қолданады. "Аптар-ай, - деген Тоқсоба аузына сез түспей. - Шыдай алмадым, - деген сосын шының айтып. - Саған кеселім тиер деп ойламаптын (М.Магауин). "Сейтсем, жүгіріп келе жатқан ең кызметиң немістердің ішіне кіріп кетіппін ғой" (С.Мунісов). Сейлеуші бірінші жақтары -ып өткен шағы арқылы өзі орындаған, басынан кешірген оқиғалардың күтпеген жағдайда, еркінен тыс болғандығын көрсеткен.

-Ып өткен шағы сейлеу көзөніне қатысина қарай түрлі қашықтағы күмылды білдіре алады. "Тұстастарының айтудына қарғанда, осы совхоздың қалғанып санатқа қосылуына едебегі де сініп-ак

багыпты". (А.Сейдімбеков). "Атасы баяғыда, бұдан елу жыл бұрын, осы әжесін, - ол кезде, әрине, тас, он жетідегі қыз кезі, - айттырып отырган жерінен алып қашыпты". (М.Магауин).

Бул мысалдарда -ып еткен шағы сөйлеу кезеңінен алыс қашықтықта болған оқиғаны білдіріп түр. Айта кетер ерекшелік - бундай сөйлемдерде қосымша лексикалық тұлғалардың (бұрын, баяғыда т.б.) жі кездесіп отыруы.

Сөйлеу кезеңінен жақын арада болған кимылды білдіреді: "Едігеп Мәдігерге қарап еді, әдепкі қоқырайған түрі жок, мойныңан су қуылғандай салырап кетіпті" (М.Магауин).

Сонымен -ып еткен шағының қазақ тіліндегі қолданылу аясын анықтау оның функционалды - семантикалық потенциалын айқындауда мүмкіндік береді. - ып еткен шағы - көркем әдебиетте, аудиекі сөйлеу тілінде жі кездесетін, сан қырлы модальдік речкі бар тұлға.

4. -атын еткен шағы. Қазақ тіліндегі -атын еткен шағының тіл дамуының кейінгі кезеңінің жемісі екендігі белгілі. Қалыптасу жолы атурган атуған атуғын атын түрінде болған еткен шақтың сол түрі - көпшілік түркі тілдерінде кездеспейтін тұлғалардың бірі. -атын еткен шағының негізгі мағыналық ерекшелігі ретінде оның еткен уақытта болған кимылдың бірнеше қалталғанын, дағдылығын, әдетке айналғандығын білдіруі ұғынылады. Оның мағыналық ренктерін айқындау арқылы грамматикалық тәсігатын тануға мүмкіндік туады: "Дан күйер жер болмағанда, олар осы соңғы мінеаді кеп қолданатын. Екейі де жарытп, тіс жарып сейлемейтін" (М.Өуезов). "Кейінгі тұған башалар да шын атын естімеген соң, "Шығайбай, шық бермес шығайбай" деп, ит қосып шуласатын" (О.Бекеев). Келтірілген мысалдарда - атын формасы еткен шақтағы белгілі бір уақыт кезеңіне тән кимылдың дүркінділі-

гін, қайталау сыпатын көрсетіп түр. Алғашқы мысалда Байсан мен Бекей мінезінің мундай әдет, ерекшелігінің бір рет қана емес, бірнеше қолдану нәтижесінде турақты күбілісқа айналғандыры сайқалады. Яғни олардың бір нәрсені қоштамаган уақытта істей-тін тәсілдері әдетке айналған. Ал екінші мысалда бір ауылда емір сүріп, бірімен=бірі аралас=курагас болып жатқан тұргын-дардың мінез ерекшелігі көрсетілген. Балалардың ит қосып шул асуы талай рет қайталанып, соның нәтижесінде турақтылып сыпат алған.

-атын тұлғасының қолданылуында қымылдың мезгілдік қатысы мен сыпаты арналы лексикалық көрсеткіштер әркылы да көрініп отырады. "Адем пішіні әрдайым буган бір тамаша, өзгеше қызын сурет тәрізденетін. (М.Әуезов). "Содан Тырекен жыл сайын әке-сінің басына барып, куран оқып, түнеп қайтып жүретін" (Т.Әбді-ков). "Ол кеаде мен маҳаббат басқа шаруашылқтар сияқты ешқандай жоспарға бағынбайтынын, оның даму, есу, ешу зандары бетен еке-нін білмейтінің" (М.Магауин). "Казақтың халық әңшерін де кон-цертте кел айтадын". (Қ.Байсеитов). Бұндай лексикалық тұлға-лардың қатарына "үнемі", "талай", "узақ", "кебінесе", "кейде", "ылғи", "окта=тексте", "әдette" тәріздес сөздер жатады және жі-кеадесумен ерекшеленеді.

Әткен шақтың атаптап түрі болып кеткен іс=әрекетті белгілі бір нәрсенің қасметі ретінде бейнелей алады. Бұл түрғыда -атын шақ формасы басқа әткен шақ тұлғаларынан осындаи сыпатымен ал-рықшаланады. "Шәкен Шекспир пъесаларынан бейнелерді ойнауга қаты күмартатын". (Қ.Кенжетаев). "Ол ертекті Кондыбай тыңдаушы-ның есінен тандыра айта білетін". (Ә.Әбішев). "Бул алты жігіт кебінесе жұлтарын жазбай бірге жүретін". (Қ.Байсеитов).

-атын формасы қымылдың белгілі бір уақыт кезеңінде өткен” дігін сілдіреді. “Ол кезде қаланың шет жағында туратынысы” (К.Кемжетаев). “Баяғыда бригадада жұмыс істеп жүрген кезде ма-карон кәжені кім бұрын ішеді деп жарыс үйімдастыратынысыз”. (О.Бекеев). Мундай қолданыстарда қымылдың үй-ғақтылығы көрініп турады, яғни сейлеуші болып кеткен іс=әрекет, оқиғага үй-ғақ бо-ла сейтеп, оның анықтығына көз жеткізеді. “Кектем мен күз уақыт-терінде, қызында екі рет осы жерлерге Күнанбай ауылдары келіп қонып, узақ уақыт отырып, жайлап та кететін (М.Әуезов). “Жұмыс-ка барғанды, қайтқанда қаланың “Словодка” деген шет жағын ара-лап ететінісіз”. (С.Сейрұллин). Мысалдардагы қымылдардың белгілі бір уақытқа тән екендігіне және нактылы Солғандығына үйтуши қосымша лексикалық көрсеткіштер арқылы да назар аудартады.

-атын өткен шағы іс=әрекеттің жүйелі түрде қайталанып отырғандығын сілдіреді. “Ақсақал мал коралап болып, жайлап шайын ішіп, қазан аспаның аузында кейде жылтылдан, кейде лапылдан қанып жетқан отты көріп, буркылдан қайнап жатқан еттің иісі мурнына келіп отырганда әңгіме айтатын”. (М.Әуезов). “Лекция аралығындағы үзілістерде Сәкен аға устаздар бөлмесіне бармажтын, шылым таршайтын, қалтарыста әлгі курс студенттерінің ор-тасында тұрып әңгіме жүргізетін”. (М.Қаратаев). Алғашқы сейлемде ақсақалдың қунделікті өмір тіршілігінің бір қыры көрінегі. Соның бір көрінісі ретіндегі әңгіме айтуды да дәғдышы күбылышқа айналған, яғни жүйелі қайталанып отыр. Екінші сейлемде де лек-ция аралығында болашын үзілістердегі Сәкен ағаның іс=әрекетінің жүйелі түрде қайталанып отыргандығы – атын өткен шағы арқылы берілген.

Аталған өткен шақ тұлғасының мағынадық қырларының қатарына оның болып кеткен іс=әрекеттің дәғдыштылығын сілдіруі жатады.

"Сол езі өралған халықтың жақсы әндерін үнемі репертуарына енгізіп айта жүретін". (К.Байсейітov). "Бул жерді мекен қылған ел, ерте күннен аталарның қонысы болғандықта, және басқа іртеге үздараптық жайлы жері жоктықтан, "кудайна жылап" отыра беретін" (М.Әуезов). Мысалдардағы қимыл, әрекет (Күләштің жақсы әндері үнемі айта журуі, елдің кешіп=қонар жері болмауы себепті отыра беруі) белгілі бір жағдайларға байданысты дағдыра айналу сипатына ие болған.

Өткен шактың -атын тұлғалы түрінің теги бір магыналық қыры ретінде оның болған қимылдың әдетке айналғандығын білдіруі уғыннылады. "Ол әр кезде де отырысымен әңгімені жумыстан бас-тамайтын". (А.Жубанов). "Тек демалыс күндері гана үй шаруасын істеп алуаны машинисткасын босатып, езі демалып, узак=узак серуендер жасайдын". (Ә.Нұршайыков). Бұл сөйлемдерде сейлеуші қимылдың жүйелі турде қайталанып, әдетке айналғандығын көрсеткен. Әрі осылай беру арқылы қимыл иелеріне тән ерекшеліктерге назар аударады.

Кезіргі қазақ әдеби тілінде өткен шактың бұл түрі - атын тұлғасында қолданылады. Алайда алдыңғы сатысы болып саналатын -атуғын формасында да қолданылуы көздесіп турады да, негізінен, көркем әдебиет пен диалектілерде ушырасады. "Узак жарық болса да, көбінше жалғыз=жалғыз аттанатуғының". (М.Әуезов). "Бурын әркім соңдай кезде бейітті жerde жын=пері, жағтырнақ дегендер көздеседі дейтуғын. (М.Әуезов). Атап кетерлік жай - мұндай қолданыстардың ете сиректігі.

Сонымен қазақ тіліндегі -атын тұлғалы өткен жағының функционалды - семантикалық потенциалын айқындау негізінде оның грамматикалық табигатын теренірек тәми түсеміз. Бұл шақ формасының колданылу жілілігі мен яссы басқа өткен шақ тұлғаларына қараша-
7-4363

да тарлау болып келеді. -атын өткен шағы, негізінен, естелік түрінде жазылған шығармаларда кең қолданылады. Мұнда өткен уақытта болып кеткен іс=әрекет, оқиғаны беруде ол өзге шақ тулғаларынан өзіне тән сапталық ерекшеліктерімен айрышалады.

-атын өткен шағы беретін магыналық қырларға оның өткен уақытта болған қымылдың дүркінділігін, созылыңылтығын, жүйелі турде қайталануын, әдетке айналғандығын, белгілі бір кезең ішінде етуін, дағдылыштың білдіруі жатады. Болып кеткен іс=әрекетті белгілі бір нәрсенің қасиеті, ерекшелігі ретінде бере алу мүмкіндігі де аталған өткен шақ формасын басқа шақ тулғаларынан өзіндік сипаттымен оқшауландырып турады.

2. АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАР

Өткен шақ курамындағы аналитикалық формалар индикатив түлгегілері ғалары ішіндегі көптігімен және мәғыналық қырларының түрлілігімен ерекшеленеді. Осы ерекшелігіне байланысты бул мәселе тек қазақ тіл білімінде емес жалпы түркологияда да толық шешімін тапқан жоқ. Түркологиялық әдебиеттер көрсеткендегі, етістіктің аналитикалық шақ формаларына қаңдай конструкциялар жатады және оларға қойылатын критерілдер жайы ортақ тоқтамды пікір қабылданған емес. Түркі тілдері мамандарының еңбектерінде аналитикалық өткен шақ формаларының белгіні және түсіндірілуі белгілі бір негізсіз, әркелкі принциптер бойынша ғана болып жүр. Соңдықтан да алі күнге дейін кейбір конструкцияларды бір ғалымдар етістіктің аналитикалық шақ формаларына жатқызыса, екіншілері оны күрделі етістік немесе басқарай көрсеткіші деп қарастырады. Айта кететін наරсе – ғалымдар пікірі бір мәселеде ортақ арнаға күяды. Ол – аналитикалық конструкцияның көмекші етістік арқылы жасалуы. Бірақ осы екінші компоненті, яғни көмекші етістік жайы түрлі пікірлер бар. Бул көзқарастарды теңдендегіше топтастыруға болады:

1. Көмекші сөз аналитикалық конструкцияның курамына кірмеген жағдайда негізгі доминант мәғынада болады. Ал ол аналитикалық форманың екінші компоненті болған жағдайда, оның доминант мәғынасы алсірейді.

1. Т.А.Бертағаев. "Сочетание слов и аналитическая конструкция С.М.Миронов. "Об аналитических и полуаналитических формах слова". -Об. "Аналитическая конструкций в языках разных типов". -Л., 1965, стр. 105-106, 122.

2. Көмекші сөз формальды "бос" сөз болып саналады.¹

3. Көмекші сөздер аффикстермен тәндестіріледі.² Откен шақ категориясының аналитикалық формалары жайлы да осының айтуға болады. Түркі тілдеріндегі курделі откен шақ тұлғаларын айқындауда ортақ принциптің жоктығынан галымдар оларды түрлі позициялар түргысЫнан қарастырады. Бір тілге арналған зерттеулердің езінде осындағы көрекір кеңқарастардың негізінде аналитикалық шақ формаларының саны түрліше болып келеді. Соңыктан да бул мәселенің басын ашып алуда әрқашан мынадай негізгі моменттердің айқындаған жән. Біріншіден, курделі шақ формаларының базасы не болып тасылады, олар қандай негізден жасалады. Екіншіден, аналитикалық шақ формалары қандай формалардың кемегімен жасалады. Үшіншіден, курделі шақ формаларының қандай мағыналық ерекшеліктері бар.

Откен шақ аналитикалық формалары көмекші етістіктер арқылы жасалады. Мұндай тіркестің нәтижесінде шақ формаларының мәніне өзгеріс енеді.

Түркі тілдерінің әдебиетінде откен шактың аналитикалық формаларының жасалуында езіне тән ерекшеліктері бар. Жай откен шақ тұлғалары бул тілдерде негізінен белгілі дәрежеде зерттеген. Елеулі кемшилік откен шактың аналитикалық формаларына байланысты. Қазақ тілінде де курделі шақ тұлғаларының езінің жасалуы жағынан да, мағыналық сипаты, саны жағынан да ерекшеліктері бар.

Есімшенің -ған формасына е көмекші етістігінің тіркесін

1. "О.Б.Сунник о понятиях" Аналитическая форма слова и "Аналитический строй языка". Сонда, стр. 75-76, 78.

2. В.М.Жирмунский "Об аналитических конструкциях". Сонда, стр.5.

жіктелуі арқылы жасалған аналитикалық өткен шақ формасы Қыпшак тобындағы тілдердің барлығына тән бірден=бір курделі шақ тулғасы.

-ған еді аналитикалық шақ формасының түркі тілдерінің қыпшак тобында терминдік атауы негізінен плосквамперфект, давно прошедшее, предпрошедшее, прошедшее предшествующее түрінде келеді. Ал қазақ тіліне арналған зерттеу еңбектерде қатысты өткен шақ (Ы.Маманов), анық өткен шақ (А.Бісқаков), алғакты өткен шақ (Т.Кордабаев), бурынғы өткен шақтың курделі түрі (Р.Әбуханов, І.Кеңесбаев, С.Жиенбаев) деп аталған. -ған еді курделі өткен шақ тулғасына тән сипат - оның келесі бір өткен шақіс - әрекетіне дейін болған қымылды білдіруі.

Жіктелу парадигмасы

Мен барған едім	Біз барған едік
Сен барған едің	Сендер барған едіңдер
Сіз барған едіңіз	Сіздер барған едіңіздер
Ол барған еді	Олар барған еді

Бұл конструкцияның болымсыз түрі үш түрлі жолмен жасалады.

1). Етістік түбіріне -ма, ме, -ба, -бе, -па, пе болымсыздық көрсеткіштері арқылы. "Барған едім".

2). -ған формалы етістік түбірінен кейін емес кемекші сезінің келуі арқылы. "Барған емес едім".

3). Есімшелі тұлғадан кейін жок модаль сезінің келуі арқылы "Барған жок едім".

- Босағадан тиғен орында отырган Султанмахмут көзі Мұсіреп шешей жақтағы бір нокаттан айрылмаған еді". (Д.Әбілев).

"Жетім қалған Мәдина мен Атшабарды аталас ағайындарының бірі қолына алған еді" (Д.Әбілев).

Бул еткен шақ тұлғасына тән сипат оның көлесі бір еткен шақ іс-әрекетіне дейін болған қымылды білдіруін айтамыз.

"Әкесіне айтиш болып жүрген ауыр сырын Султанмахмут осы арада осында айтып салған еді". (Д.Әбілев). "Бісіш шошалада самауырының отын-суын әзірлең болды да, алдымен наң илеп, пісірмек бол ауыздары белгемеге кірген еді", (Д.Әбілев).

Осы форма арқылы берілген қымылдар көбіне сол арқылы іс-төлетін басқа іс-әрекеттің фоны болып табылады.

"Булар алғашқыда қалың топқа жоламай, уялыш, әмірі істемеген кәсібіне арналып, жәрменкешілердің шет жағында болған еді" (Д.Әбілев). "Сонғы тәрт жылда Султанмахмут бойы есіп, азamat болып қалған еді". (Д.Әбілев).

Жоғарыдағы сиякты көптеген мысалдарда бул шақ формасы бурын болған оқиға, қымыл фактілердің жай гана констатациясы тे-різді көрінеді. Алайда, осы оқиға фактілердің еткенде болған басқа қымылдар үшін фон екендігін контекске қараپ, айқын дау-ға болады. Сейтіп, бул еткен шақ формасына басқа қымылдармен байланысы тән болып табылады.

Егер сейлеуші "Болат келген еді" десе бул жағдайда да тың-даушыда оның осы әрекеттің басқа қымылмен байланысы жайлы ой туады. "Болат сонан соң көтіп қалады, немесе басқа бір нәрсе істеді".

Ал, егер сейлеуші тек "Болат келген" деп хаберласа тыңдау-шыда оқиғаның нәтижесі жайлы угым туады. "Болат келген еді" дегендеге тыңдаушыда оның келгенімен қоса тағы бір әрекет жайлы ой пайдада болады.

-Ган еді аналитикалық формасы сейлеуші үшін анық сенімді болып табылатын іс-әрекет, қымылдарды білдіреді. (Ол бул әре-кеттің өзі куәсі болған немесе бул жайлы сенімді фактілерден

біледі).

-ған еді формасының мұндай ерекшелігін оны -ған екенін конструкциясының мағынасымен салыстырып та байқауға болады.

-ған екен формасымен әдетте сөйлеушіге басқа бір күелардан белгілі жайттер (әрқашан сенімді емес, өзі күе болмаган). беріледі.

Алайда -ған еді аналитикалық формасы тек бурын болып еткен оқиғаларды ғана емес, сонымен бірге одан беріректе де болған оқиғаларды білдіре алады.

Сонымен қай жағдайда болмасын басқа оқиға, фактілерімен байланыста болатын іс=әрекет, кимылдарды береді.

-Ың еді. -Ың көсемшөлі етістікке -ді еткен шақ тулғалы е кесемше етістігінің тіркесіп хіктелуі арқылы жасалған аналитикалық еткен шақ формасы қазақ тілінде бурынғы еткең шақ, айракты еткен шақ, қатысты еткен шақ түрінде аталып жүр.

Хіктелу парадигмасы:

Мен барып едім

Біз барып едік

Сен барып едің

Сендер барып едіңіздер

Сіз барып едіңіз

Сіздер барып едіңіздер

Оғ барып еді

Олар барып еді

Бул курделі шақ формасының негізгі мағниталық қыры ретінде оның іс=әрекетті қелесі бір іс=әрекетпен үштастыра, соган қа-тысты етіп көрсетуі немесе басқа кимылдың алдында болғандығын білдіруі уғынылады. "Алдында белгіттің іші тіпті қал-карағы болып, көрдей азынап тұрган соң, алғашқы кірген жерде кішкене етім сескеніп еді". (М.Әуезов). - Ың еді аналитикалық еткен шақ формасының түркі тілдеріндегі атауларыда түрліше болып келіп, аталған тулғаның түрлі маганалық қырлары көрсетіліп жүр.

Нәтижесінде бір түлға бір тілдің өзінде сірнеше терминмен белгіліп, әркелкі интерпретациялануда. Қазіргі таңда түркі тіл білімі әдебиеттерінде -ып еді аналитикалық формасының "прошедшее время",¹ "давнопрошедшее",² "плюсквамперфект",³ "прошедшее незаконченное"⁴ тәрізді атаулары бар.

Революцияға дейінгі шықкан қазақ тіліне арналған еңбектерде де -ып еді еткен шагының сипатталуы әрқалай. М.Терентьев грамматикасында "давнопрошедшее",⁵ П.М.Мелиоранский еңбегінде "прошедшее повествовательное"⁶ деп аталған. Ал В.В.Каталинский -ып еді тұлғасы жайлы: "Оно выражает прошедшее действие, которое еще не совсем кончилось, импереводится через русское было, алып едім - я взял - я взял было, біз онда барып едік - мы думали было ехать туда" - дейді де, "настоящее про-

-
1. А.Н.Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.-Л., 1960, стр. 224.
 2. А.Есемуратов. Қарақалпақ тилинин грамматикасы, I. Нокис, 1953, стр. 143.
 3. Е.Д.Поливанов. Введение в изучение узбекского языка. Ташкент, 1925, стр. 95.
 4. В.И.Филоненко. Грамматика балкарского языка. Нальчик, 1940, стр. 68.
 5. М.Терентьев Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская, СПб, 1875, стр. 149.
 6. П.М.Мелиоранский. Краткая грамматика, казак - киргизского языка. ч. I7, СПб, 1894, стр. 55.

"шедшее" терминімен атайды.¹ Алайда мундай үзілді=кесілді тузырымының қазақ тілі фактілеріне қайшы келетіндігін айта кеткен жөн. В.В.Катаринскийдің -ып еді өткен шағының аяқталмаған істі білдіреді деуі де, оның орысшаға боло сөзі арқылы аударылады деп беруі де күмәнді. Іғни аталған өткен шақ тұлғасының магынасын айқын түсінбек оны орысшаға дұрыс аудармауга себеп болған.

Н.Сауранбаев -ып еді формасына тилянақсыз өткен шақ (имперфект) деген атап береді де, оның жақында болып өткен істің осы уақыттан уштасуын білдіретіндігін көрсетеді.¹ Бул көзқараста да -ып еді өткен шағының бір гана магыналық қырына назар аударылған.

Сонымен қазақ тіл білімінде -ып еді аналитикалық өткен шағының зерттелуі жеткіліксіз деңгейде, грамматикалық табиғаты толық ашылмаған. Сол себепті де қазақ тілі қуралдарында тұрақталған атап жоқ, ортақ көзқарас қалыптаспаған.

Аталған форманың қазақ тілінде кең тараған атаптың бірі - бурынғы өткен шақ, яғни сейлеу кезінен ертеде болып кеткен іс=әрекетті білдіруі. Мундай көзқарастың ең қонымдысы емес тігіне тек қазақ тілі емес, бул тұлға кездесетін әзге түркі тілдері фактілері де дәлел бола алады. -Ып еді аналитикалық формасы арқылы сейлеу кезінен көз=келген қашыктықта болған (жакын арада, бурын, баяғыда, ертеде) кимылды беруге болады. "Жабай ол күні көрі әкесі Талтайқты Майқұдық булагына шомылдырып алуға әрең көндіріп еді. (Г.Мусірепов). Бұркіттілер тоғы тұрғыға келіп, буркіттің томағасын сыйырган кезде шығыс жектан құлан иектен кетерілген күн сәулесі айналаны айқындал катып еді".(С.Бегалин).

1. Казіргі қазақ тілі, Алматы, 1954, 312-бет.

галин).

Контекст, арналы лексикалық көрсеткіштер ғана күмбілдік кеңдей қашықтықты болғандығын нақтылы көрсетеді. Ал -ып еді тулғасы сейлеу кезіне қатысты алғанда іске асылуы тұрғысынан орындалып кеткен іс=әрекеттерді білдіретін өткен шақ формасы болып тасылады.

-ЫП еді аналитикалық өткен шағының қазак тіл іңдеңі колданылуын макро және макроконтекст бойынша қарастырылғанда жоғарыда көрсеткіштердің көзделесіп отыруы. Бул, жоғарыда айтылып кеткендегі, -ып еді тулғасының өткен шақтың мәнінің сейлеу моментіне қатысын айқындауга көмектеседі. "Кеше Жабай қасына Жепейді алып барып еді, шал сөзге келген жок" (Г.Мусірепов). "Будан бурын, жағытурымың уақытта Сыздық күрда жүргенде 17 жылдың февраль өзгерісі болған хабарын естіп, қалега барып кайтып еді". (М.Әуезов).

Маркоконтексте тән сипат – басқа іс=әрекеттеп қатысты бола отырып, белгілі бір күмбілді білдіруі, Мундағы ерекшелікке -ып еді формасының екінші іс=күмбілмен қатысты аралық әрекетті бейнелеуі, относительді қолданысы жатады. "Бежей Кунанбаға абырайып, тіксіне қарап еді, аяmas тусі айын екен" (М.Әуезов). "Жігіт есікке умтылып еді, Гафура есікті қайта жауып алды" (Р.Сейсенбаев). Келтірілген мысалдарда -ып еді тулғасы екінші бір күмбілдің алдында болған іс=әрекетті білдіріп тур.

-ЫП еді аналитикалық формасының күрмелас сейлемдердің алдынры компоненттіңін курамында келгендеге беретін мағынасын айқындаға мынадай жайлтар көмек бере алады: лексикалық көрсеткіштердің болу-болмауы және компоненттердің мағыналық арақатысы, осыған байланысты сейлемде баяндалған әрекеттердің бір мезгілде я же-

ғаса немесе тіркес=тіркес іске асқандығын білуге болады. Мундай қолданыстарда -ып еді тұлғасының келесі бір күмбігә қатысты іс=өрекеттерді білдіріп түргандығы айқын аңғарылады.

"Шешесі тағы екі=үш бауырсак беріп еді, басқалары қаспақ тұмсыққа кезін аларта қарады". (Ғ.Мустафин).

-Ып еді аналитикалық еткен шақ формасының курмалас сейлем=нің алдыңғы компонентінде келген жағдайда беретін магынасына байланысты әскерлер тағы бір мәселе бар. Ол -ып еді тұлғасының ті келей дербес магыналы етістікке тіркесуі және күмбілдің өту сыпатын білдіретін аналитикалық формадан кейін келуі. Екінші қолданысты азырата қарамау кейбір зерттеушілерді жаңсақ қорытынды жасауға урындырып жүр. Ал екі аналитикалық форманың қа=тар қолданылуының езіндік магыналық қырының болары айқын. "Ко=дар тағы лагнет айтып алғайлай беріп еді, сыртынан бір катты күш тарпын жібергендей болды". (М.Әуезов). Мунда -й бер және -ып еді аналитикалық формалары тіркесіп қолданылған. Алдыңғы -й бер аналитикалық формасы – күмбілдің өту сыпаты категория=сының көрсеткіші. Сейлемде бул тұлға күмбілдің қайталанып жа=ғасуын білдіріп тур да, -ып еді оның аяқталмай еткен шакта бол=ғандығын көрсеткен. Курмалас сейлемдерде -й беріп еді анали=тикалық формасы компонент баяндаудының қурамында кездесіп оты=рады. "Бала кеп ішінен, ең алдымен езінің шешесін керіп, соган қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде турып "Әй, шырагым болам, әуелі аржагында әкек тур. Сәлем бер." - деді . (М.Әуезов).

Атаған аналитикалық форманың сиректе болса жай сейлем қу=рамында кездесуі ушырасып қалады: "Осы ерде бурыл ат есік пен төрдей алға тусе беріп еді" (М.Әуезов). Жай сейлем қурамы да қолданысындағы магыналық өрекшелік қатар түрган сейлемдер мен

логикалық байланысна қатысты болып келеді.

-Ып еді аналитикалық өткен шақ тулғасының тары бір мағына-
лық қырына оның болған іс=әрекетті айқындаған көрсету үшін қол-
дасып жатады. "Мугалима, ертеде менің бір жолдасым," біздің
ауданнан екі жауышы, 20 доктор наук, алпыс кандидат; отыз врач,
он екі секретарь, 25 инженер, 13 бухгалтер шықты" деп мактапын
еді". (С.Жұнісов). Осындай қолданыстарға тән мағыналардың қа-
тарында құмылдың айғактылығын, аяқталғандығын білдіруі де
үгүньялады.

-Ып еді аналитикалық формасы курделі өткен шақ тулғаларының
ішінде -ған еді формасымен ауысуға бейім. Алайда мундай ауыс-
тыруларда мағыналық тенденстік бірдей деңгейде сакталады деп
айтуға болмайды. Мағыналық реңктер белгілі дәрежеде солғын-
дайды немесе күшінейді.

Казақ тілінде -ып еді өткен шақ формасы -ған еді тулғасымен
қатарлас өнімді қолданылады. -ып еді аналитикалық формасының
жақ тұргысынан қарастырғанда, бірінші және үшінші жақта жиі
қолданылатындығы байқалады.

Аталған курделі өткен шақ тулғасы, негізінен, көркем әде-
биет туындыларына тән. Авторлық баяндау, диалог, монологтарда
қолданыс тауып отырады.

-Атын еді аналитикалық өткен шақ формасы -атын есімшелі етіс-
тікке -ді өткен шақ тулғалы е кемекші етістігінің тіркес жік-
телуі арқылы жасалады. Түркі тілдерінің қыпшак тобында кеэде-
сетін бул тулғаның атауы давлопрошедшее повторительное (прошедшее обычное, привычное, прошедшее т.б. болып келеді. Казақ ті-
ліндегі терминдік атауы – айғакты бурын өткен шақ (Т.Кордабаев),
қатыстық өткен шақ (Н.Оралбаев).

Қазақ тіліндегі - атын еді аналитикалық өткен шақ формасын басқа қылашқа тілімен салыстырганда көзге түсетін ерекшелік - бул тұлғаның сирек қолданылуы. Әйткені қазақ тілінде -атын еді формасының мәғынасына параллар -атын және ушы еді өткен шақ тұлғалары бар ері булардың қеадесуі сасым сыйпатта.

-Атын еді аналитикалық формасы өткен уақытта болған кимылдың қайталанып отыргандығын, дағдыра айналдыргандығын білдіреңді. "Сыздық мекемеге келген сайын сұның бетіне дұылдал қан жүгіріп, болымсыз нәрседен қысылғандай болып, бірқалыпты нәзік күлкімен қарсы алтын еді. (М.Әуезов). Мысалдан әйелдің Сыздықты қарсы алу әрекетінің бірнеше рет қайталғандығын көреміз.

Осылайша жақсы көңілмен қарсы алу дағдыра айналу сыйпаттына ие болған.

Атылған аналитикалық өткен шақ формасының қурамынға еді компонентінің бул тұлғаның беретін жалпы мәғынасына қатысы жайлы мәселе нақты айқындалды деуге болмайды. Алайда еді тұлғасының қолданытуынан оқиға, іс-әрекеттің өткен уақытта болған-дығын айрықша көрсөтуге бағытталған өзіндік мәғыналық реңкінің бар екендігі байқалады. "Біздерден кіші болса да, кіслігін бағалап сыйлайтын еді. (К.Байсеитов).

Өсіресе естелік түрінде жазылған туындыларда -атын еді формасы -атын және -ушы еді өткен шақ тұлғаларымен араласып келіп отырады да, баяндауга ерекше өң, көрнекілік беріп, назар аудара түсіу шілін қолданылады. Мундай баяндауларда -атын, -ушы еді тұлғалары өзара көзектесе алмасып жиі қездеседі, ал -атын еді формасы сирек ұшырасады. "КазМІ-де лекциялар аз алдына, онда әдеби жиналыстар, дискуссиялар жиі өткізіліп туратын, бірақ бұлардың біразы сыңаржак, турпайы түрде ететін еді. (М.Каратасев).

Осы төріздес қолданыстарға тән ерекшелік көршілес сейлемдерде кездесетін -атын, -ушы еді өткен шақ тұлғаларыңда қимылдың дардылы, қайталану сыпатын беруден гөрі, оны сейлеуші не кейіп-керге тән қасиет ретінде бейнелеу магынасы басым болады. Ал -атын еді формасы оқиғалардың сейлеу кезеңінен белгілі бір алыс қашықтықта (ертеде, бурын) болып кеткендігін назар аударға екпін түсіре көрсетеді.

"Күлаштің әкесі Жасын кейінгі кездері бізден бірге тұра бас-тады, сол кездерде ол кісімен сейлесуге Жәкенде аңда-санда ке-ліп туратын еді, сондай жақтарда мен Жәкенің әзіл әңгімелерін, қағытпа сездерін естіп кетты риза болатынын. Аз сезбен гана да суреттерді сала қоюшы еді, әсіресе адамның тур=түсіне, жү-ріс=тұрысина байланысты әзілдері өткір келуші еді. Үлкенмен де, кішімен де Жәкен бірдей қалжыңдасатын, көзі келгенде қыздары Күлеш пен Шарага да талай әзіл=қалжыңдарды айтып тастайтын (К.Байсеитов). Айтылған оқиға, қимылдардың қандай уақыттарда болғандығының контекстен белгілі болуына байланысты -атын еді тулғасы жогарыдағыдай қолданыстарда ете сирек кездеседі. Жақ тұргысынан қолданылу жиілігін қарастыру бул форманың негізінен үшінші жақта ушырасатындығын көрсетеді. Одан кейін жиі кеадесетін бірінші жақ, ал екінші жақ жокқа тән.

-Атын еді аналитикалық формасы қимылдың алғактылығын білдіреді. "Назыкеш жоктау айта білмейтін еді". (Г.Мусірепов).

Аталған тулғаның өткен шақыры менде қолданылмайтын жағдайлары ушырасып қалады. Шартты бағыныңы сабактас қурмалас сейлемнің бағыныңы компонентінің баяндауышы -ған есімшелі өтістікке жатыс септігінің жалғануы арқылы жасалғанда немесе -са шарттың тулғасында келгенде, -атын еді формасы іске аспаған қимыл-

әрекеттің білдіреді. "Егерде сол кезде топтың алдыңғы жағынан біреудің ектем даусы шықпаганда Олжай шатак шығаралын еді". (Ә.Әбішев). Аттар тың болғанда, серіктерім Тәйкеш аулына жетіп қонасын еді. (С.Мұқанов). "Өзің болмасаң, тіріде ала алмайтын едік". (М.Магауин). Айтып кетер жайт, осындай қолданыстардың -атын еді формасы -ар еді тулғасымен алмасуға бейім. Мундай ауыстыруларда мәғыналық тенденция өз деңгейінде сакталады. Мысалы: Аттар тың болғанда, серіктерім Тәйкеш аулына жетіп қонар еді". "Мен болмада адасатын еді". (Б.М.). - Мен болмада адасар еді.

Сейлем курамында арнайы лексикалық көрсеткіштер болған жағдайда да -атын еді тулғалы орындалмаған, бірақ имет қылған (коффектив) іс-әрекеттердің білдіреді. Мәғыналық өзгерістерге алып келетін, әдетте, арнайы пысықтаушылық сездер (ғілін, кешке, ертен т.б.) болып табылады. "Бүгін баламның туған күні, кешке соны тоілдайтын едік". (С.Аұнісов).

-Атын еді аналитикалық формасы бул тәріздес қолданыстарда сирек кездеседі әрі контекст арқылы ғана жоғарыдағы мәғыналарда көріне алады.

Сонымен, -атын еді аналитикалық шақ формасы қазақ тілінде, негізінен, еткен шақтың мәнде құмсалады да болып кеткен іс-әрекеттің қайталанып отырғандығын, әдеттегі, дарғымы құбылыс екендігін көрсетеді. Казіргі қазақ тілінде -атын және -ушы еді тулғаларымен мәғыналық ұқсастығына салынған форманың қолдану ерісі шектелуі болып келеді.

Казіргі қазақ тілінде дарғымы еткен шақ формаларының ішінде -атын тулғасынан кейін жіл қолданылатыны -ушы еді аналитикалық формасы. Қошшелі түркі тілдерінде кездесе бермейтін шақ тулғасы. Келбір еңбектерде кыргыз қарақалпак тілдерінде қолданылуы

жүйелі турде, ал қазақ тілінде аздап жұмсалады, деп аталағын кеткен. Алайда тілдік фактілер -ушы еді тулғасының қазақ тілінде жеткілікті дәрежеде қолданылатындығын көрсетеді. Көркем шығармалардағы -ушы еді формасының қолданылу жайлігін анықтау, оның -атын еді аналитикалық формасына қараганда мол көзделсестіндігін сайқатады. Мысалы, М.Әуезовтың "Корғансыздың күні" әңгімесінде -ушы еді тулғасы 18 рет, -атын еді формасы 1 рет көзделседі. Ал "қыр әңгімелеріңде" -ушы еді формасы 6 рет, -атын еді тулғасы бір ретте ушыраспайды. Екі әңгімеге де тән ерекшелік - бірде -ушы еді, бірде -атын тулғасы басым қолданылып отырады.

-ушы еді формасы болып кеткен іс-әрекеттің айғактылығын білдіреді де, оны субектіге тән сипат ретінде көрсетеді. "Бірге театрға барып, жаз шыққан соң, жарық айлы түндерде қолтықтасып сейіл күрып жүріп, узак уақыттар әңгімелесуші еді" (М.Әуезов). Мұндай ерекшелік киммелің жүйелі турде немесе бірнеше дүркін қайталанып, дағдылық сипат алуы негізінде қалыптасады. "Жастау кезінде Мұсілімнің даусы керемет әдемі еді, оны тыңдаудан, есіресе Курманбек екеуміз жалықлаушы ек, сол қолымыз босай қалса, отыра қалып ән айтқызының" (Қ.Байсейітов). Айта кетер жаңт - естелік түрінде жазылған шығармаларды -ушы еді тулғалы жиі көзделседі және -атын формасымен көзектесе немесе қатар қолданылуы да жеткілікті ушырасып тұратын құбылыс ретінде қасылданады. Мұндай қолданыс бол екі тулғаның магыналық тәңдестігінің салдары болып табылады: "Баталов менің жан дүниемің бірте-бірте байып, кеңейіп қаламының ушқырланып, еткірленіп келе жатқаның тек үстірт қабылдамай, ақыл алтын, кеңес беріп отыруышы еді. Кемшілігінді айтса, нағысқа тимей, жаңынды жәбірлемей айтатын. (М.Каратаев).

-Ушы еді аналитикалық формасының белгілі бір предметтің қасиетін бейнелей алу да ерекшелігі бар. "Біз жағалап келе жатқан жіңішке өзен кейде жағасы усақ тогайлыш болып, кейде қалың шалғынды болып, иіріліп, көлденең таудың ішін жарып өтуші еді. (М.Әуезов).

-Ушы еді тұлғалы қимылдың айғактылығын білдіріп, оның белгілі бір уақыт кезеңінде өткендігін білдіреді: "Аз жүрсек - ай жүреміз, алта жүреміз, кейде талай алға шейн жоғалып та кетуші едік". (М.Әуезов). Мұндай қолданыстарда болып кеткен іс-әрекет нақтылы лексикалық көрсеткіштер арқылы нақтыланып отырады.

Атамыш форманың кейбір сирек жағдайларында өткен шақ мәнінде қолданылмауы көздеседі. Атап айтқанда, шартты бағыныңызы сабактас курмалас сейлемнің басыңы компонентінің бағындауышы болып ушырасады. "Мен мұны білгендеге, сөндермен елсем де бірге шықтаушы едім". (Р.Сейсенбаев). Сонымен қатар, ауыз екі сейлеу тілінде айтылатын "Бүгін бос емеспін. Кешке қонаққа баруыш едім" сияқты қолданыстарда орындалмаған, іске аспаған оқига, қимылды білдірелі. Мұндай сейлемдерге тән ерекшелік - арналы бүгін, ертең, кешке тәрізді лексикалық көрсеткіштердің болуы. Яғни -ушы еді тұлғасының өткен шақ мәнін бермеуіне осы арналы үстенеу сездер және контекст әсер етеді. Келтірілген сейлемдегі -ушы едім тұлғасы -атын едім аналитикалық формасымен де алмастыруға болады. Бул жағдайда да негізгі мағыналық қыры сакталынады.

Сонымен, қазақ тілінде -ушы еді аналитикалық тұлғалы негізінен, көркем туындыларда көздеседі, болып кеткен іс-әрекетті белгілі бір субъектінің қасиеті; ерекшелігі ретінде бейнелейді. Қа-зіргі қазақ тіліндегі қолданылу өрісін анықтау дүл тұлғаның әлі де актив қолданыста екендігін көрсетеді.

3. ЕТКЕН ШАҚ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ТРАНСПОЗИЦИЯСЫ

Маркстік=лениндік диалектикалық метод бізге табиғатты, он=дагы күбынштардың бірінен=бірі аулак, бір=біріне байланыссыз, жеке-кубынштардың кездесіп жынытығы деп қарамауды, қайта оларды бір=біріне байланысты тутас бір бүтін, олар бірінен=бірі багынышты және шартты деп қарауды, табиғат күбынштарын тек=сергенде оны бір=бірінен, айналадагы жағдай күбынштардан, яғни өз ортасынан беліп алмай, соган байланысты тексеруді үй=ретеді.

Біз тіл фактілеріне де диалектикалық методтың осы қаридасы түрлісінан қарғанда гана оны дұрыс түсінеміз, дұрыс шеше ала=мыз. Өйткені, тілде де бірінен=бірі байланыссыз, басқадан ерек=ше, жеке тұратын ешір категория жок. Олар да өзара байланысты, диалектикалық бірлікте болады. Шақ категориясы туралы да осыны айтуға болады, яғни шақ категориясы тіліміздегі басқа да грам=матикалық категориялар сияқты реалды шындықтан тытыз байланыс=ты. Өйткені, "уақыт пен кеңістік туралы дамып отыратын угым=дарымыз объективтік - реалдық уақыт пен кеңістікті бейнелейді."¹ Сонымен қатар, "кеңістік пен уақыт туралы адамның түсінігі - относительдік түсінік"² екенін де үйтуға тиіс емесіз.

Уақыт пен кеңістік туралы біздің санамыздары түсінігіміздің относительділігінің ізі грамматикалық формаларға да қалыпты болады. Грамматикалық уақыттың реалды уақытпен сай келмеуі осыдан туады.

1. Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы, А., 1977, 18-том, 195=бет.

2. Соңда, 193=бет.

Грамматикалық шақ категориясы кимылдың, іс=арекеттің сейлеу көзіне қатысымен айқындалады. Кимыл сейлеу кезінен бурын болса, еткен шаққа, кейін іске асса, келер шаққа, сейлеу кезінде болса, осы шаққа жатқызылады. Яғни сейлеуші айтып отырған уақытың сейлеу кезіне қатысын өзі айқындаиды. Осылай жағдайда бір шақтың екінші шақ орынға ауысып қолданылу мүмкіндігі туады. Мундай қолданыс фактілері көбінесе ауыз екі сейлеу тілінде, көркем әдебиет шығармаларында кездеседі.

Алайда "ауысып қолданылу тілдің көркемдегіш куралдары да мұның нәтижесі болып табылады да түрлі грамматикалық формаларға тән болып келеді". Мысалы түркі тілдеріндегі септік жағауларының ауысып қолданылу тарихының көне дауірде әк басталғаны белгілі. Осы сияқты етістік формалары да тек бір ғана мағыналы емес. Жай қалыпты формаларды қосылту арқылы сейлемге эмоциялық речк беріледі. "Переносное употребление форм времени позволяет использовать один и те же языковые средства в целях расширения границ языка как средства общения между лицами. В художественных произведениях формы времени используется в качестве средства организации их речевой структуры".¹

Теориялық және стильдік жағынан өзіндік маңызы бар шақ формаларының транспозициясы жайлы мәселе қазақ тіл біліміне әлі жүйелі зерттеу об"ектісі бола қойған жок.

Ана тіліміздегі шақ формаларының ауыспалы қолданылу қосының ең алғаш қөзғас бетіне түсірген ғалым П.М.Мелиоранский болатын. "Краткая грамматика казах-киргизского языка" атты еңбе-

1. Сайкесев Х.М. Грамматические категории глагола в русском и казахском языках. А., 1973, стр. 151.

ГІнің өткен шаққа арналған бөлімінің сонында бытадай деп ескертіп кетеді. "Иногда это форма употребляется для обозначения быстро и неизбежно наступающего будущего= например: "қара тектің" - смотри, (сейчас) прольешь". Галымның сиректеу колданылатын мұндай күбылысты да бақылаудың оның мысалдарды қазактың азыз екі сөйлеу тілінен алғандығы себебі болған.

Транспозициялық құбылыстың будан кейінгі фиксациясын профессор Т.Кордабевтың 1953 жылы шыққан "Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы" атты монографиясынан көреміз. Еңбек "шақ категориясына байланысты ірлі=уакты мәселелердің барлығын шеше қоймадымен", онда қазақ тіліндегі шақ түрлері, олардың көрсеткіштерінің колданылуы аясы, классификациясы сияқты жайлар алғаш рет кең турде көрсетіліп кеткен болатын. Осылардың қатарында шактық мағыналардың контексте көрінуі де қысқаша айтылады. "Кейде белгілі бір формада турған етістіктің қай шакта болған іс=әрекетті білдіріп турғандығын ашуға тутас бір сөлемнің өзі жеткіліксіз болатындыры, оның мағынасы алдыңғы бір неше сөлемдер арқылы ғана дұрыс танылатындыры, не белгілі бір шактың көрсеткіші болатын формага ие болып турған сөздердің, басқа бір сөздермен синтаксистік бірлікте турған жағдайда өзіне тән шактық мәннен айрылған қалатыны немесе шактық көрсеткіштердің ешқайсынын тоғына қосылмайтын өзінде шактық мән жоқ сөздердің контексте белгілі бір шакты білдіретіндері тілімізде жиі көздесіп отыратын фактілер. Мысалы, "Уқсата білген адам бул жерден мол өнім алады екен". "Экскаваторлар жерді жырта же

I. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах=киргизского языка.

ч. II. СПб, 1897, с. 32.

неледі. Осы кезде марш ойналып кетеді" (С.Мұқанов) дегендегі іс=әрекеттерді осындагы тәінді бойынша алғанда, өткен уақытта болған іс=әрекеттер деп түсінуге де, алдагы уақытта болатын іс=әрекеттер деп түсінуге де болады. Екеуінің қайсысына жатқызыла да теріс дей алмаймыз. Әйткені бул сейлемдердегі іс=әрекеттердің шары олардың алдыңғы айтылған сейлемдер арқылы ғана аныктелады".¹

Әрбір шақ формасының транспозициясына арналы токталу еңбектің негізгі мақсаты болмағандықтан, бул еңбекте тек кейір күбындарға ғана түсініктеме берілген.

А.В.Бондаренко орыс тілінде де шақ формаларының аудиоспалы колданылуы әлі толық зерттелінбегендігін, кептеген сурақтарының шешілмегендігін айтады: "В области переносного употребления времен многие вопросы еще не изучены. 1. Не определено, реуль-таты взаимодействия значения грамматической формы и значения контекста, - в частности, не выяснено, какое влияние оказывает контекст на реализацию грамматического значения временной формы. 2. Недостаточно точно определен круг тех явлений которые охва-тываются понятием "переносное употребление времен".²

Әр шақ тұлғасының транспозициясының заңдылықтарын айқындаудың қазак тілі грамматикалық стилистикасы үшін де қажеттілігі сезіле.

Транспозиция кубалысын алдымен мына екі колданыспен шатастырмалған жән.

-
1. Т.Кордабаев. Қазіргі қазак тіліндегі етістіктің шақ категориясы. А., 1958, 94-б.
 2. Бондаренко В.В. Вид и время русского глагола. М., 1971, стр. 130-131.

1. Бір шақ ішіндегі формалардың бірін-бірі алмастыруы.
- Бірақ будан мұндай конструкциялардагы мәрғынайтын ренк айрымшылығы жокка шығады деген үгым тұгындаға болмайды.
2. Аудиопалы шақ деп атап көрсеткендегі формалар. Мысалы; а) барышын - контексте қарай осы шакты немесе келер шакты білдіреді; ә) келетін - контексте байланысты бірде келер шақ, бірде өткен шақ мәғынасын береді. Бул формалардың мәғынасы да негізгі мәғана деп есептеледі.

Сонымен, транспозициялық құбылысқа бір шақ формаларының екінші шақ түлғасының функциясын атқарып, соның мәғынасын беруін жатқызамыз.

Өткен шақ түлғалары сейлеуші іс-әрекет, қымыл болашакта міндетті түрде болады, іске жасады деп есептеген жағдайда келер шақ мәнінде қолданылады. Мысалы:

"Машинаның моторы ешіп қалды.

- Енді біттік, - деді шофер кабинаның есігін сарт жауып жерге түсіп жатып": (Н.Әбуталиев).

"Оңбаган жолға аяқ басқанымды таңертеді-ақ білгем. Құрылыш енді, оңбаган сорлы..." ("мын бір түн", П=том).

Көрсетілген мысалдардагы келер шақ мәнін беріп турған жедел өткен шақ формалы сөздер "курисын, бітеміз" түрінде болса, сейлемнің экспрессивтілігі сөз жоқ елсірер еді.

Өткен шақ формаларының мәғыналық қырларын контексте нақтылы айқындауга болады. Фактілер көрсеткендегі, бул түлғалар сейлемде осы және келер шақ мәндерін беріп, аудиопалы қолданыла алады. Мұндай аудиопалы қолданыс аудио-екі сейлеуде, диалог, монологта, көркем шығармалар тілінде кездесіп отырады. Штістіктің өткен шақ формаларының транспозициясы стиль талабынан туындаиды. Осындай

жағдайларда шақ формаларын аудысп қолдану қажеттілігі сезіледі, онсыз түрі стиљдік реңктерді, әмоцияларды беру мүмкін болмайды. Соңыктан да шақ формаларын тек өз мағынасында ғана қолданудың осындай кемшілік жақтарын ескерген жән. Кейбір су-реттеулердегі табигат көріністерінің жанды бейнесін шақ формаларының аудысп қолданысынсыз беру мүмкін емес.

Әткен шақ формалары контексте байланысты келер шақ мәнінде қолданыла алады. Бұл жағдайда болашақта орындалатын іске сенімділік мағынасы сайқалады. Мысалы:

-Ене, сениң мына басыбалы шоферің не бітірген. Осы уаққа дейін аккумуляторды негып аудыстырмаған,- деді.

-Бала ғой қайдан білсін.

-Онда далада қалдым дей бер". (О.Серсенбаев).

".Кап, кешіктік ау,- дептін. Айранға да қарагамың "ок, іле шығып жүре бердік". (Қ.Найманбаев).

"Сен қаш. Мен кудым,- деді Асхат" (Ш.Күмісбаев).

Мысалдардегі "кешіктік, қалдым, кудым етістіктерінің келер шақ мәнінде қолданылуы арқылы (кешігеміс, қаламын, куамын) белгілі бір экспрессивтілікке көт жетіп тур.

Аудыспалы қолданыс сураулы сейлемдерге де тән болып келеді:

"Енді не қылдық. дәрігер шакырайык" (Сиқырлы шымылдық).

"-Ал белгіні байқамаса қайттік. Мүмкін емес". (Ш.Күмісбаев).

"Ойтырмай, кез жастарың дайын турады-ау сендердің. Енді қайтіп жұбаттың,- деді". (О.Серсенбаев).

"Енді не істедік, - деді Айдос. "Бекбатыр енді сақтанады" (Ш.Күмісбаев, "Сок барабан").

"Не қыламыз, қайтеміз, қайтіп жұбатамыз, не істейміз" тәрізді келер шақ тұлғасында келуге тиісті жоғарыдағы етістік формаларынан.

рынъц белгілі бір стильдік эффектісінің бары даусыза. Мундай қолданыс көркем шығармалардағы бір сарындылық пен құргақ баян дауға, бір көрсеткіштің қайталана беру құбылысына урындырмайды.

Кейде өткен шақ формаларының мундай аудиспали қолданысынан кейінкердің ішкі сезімі, жән күйзелісі, тебіренісі, болашак-та істелуге тиісті әрекеттің жобасы байқалады. Жедел өткен шақ тулғасының осындай транспозициясы ауыз әдебиетінде де кездесіп отырады.

"Айналайын қарагым,
Күтты болсын табасың.
Алла тағала жар болып,
Оңынан тұрсын самалың.
Сен өлсөң егер, мен күйдім
Жазым боп тайса табаңын"

("Алпамыс батыр").

Жедел өткен шақ формаларының келешекте орындалуға тиісті іс-әрекетке толық сенімділік болмаган жағдайда болжалды келер шақ мәнін беру үшін қолданылатын жайлары да ушырасады:

"Сілтесем сілтедім, қайтесіңдер" (Сикырын шымылдық).

"Кожа ойтады: жарайды, бул ақшага козы алайын. Оны бір жыл бактым, кой болды, кейін туды". (Әртегі).

"Күтпесак кутылдық, күтпесасақ тіпті болмаганда, қолға түсіреміз".

Келтірілген мысалдардағы жедел өткен шақ тулғаларын болжалды келер шақ формаларымен аудистыруға болады. Екінші мысалдағы асты сызылған сездерді шарттырай формасына да, болжалды келер шақ тулғасына қойып та өзгертуге болады. Мундай конструкциялар айрықша екін түсіп туруымен ерекшеленеді .

Жедел өткен шақ тулғаларының кейбір транспозициялық қолданысында шарттылық мән де сезіліп турады. Контекстегі етістіктер арқылы жазеге аспаған, бірақ жобаланған, түспалданған шарт мәнді қимылдар бейнеленеді. Мұндай конструкциялар да ерекше екпінен мен айттылады.

"Онша алыс емес. Көрініп турған қырдан астының, ар жағы Кекпекті". Жүрт айтты - көне берді". (Б.Майдан).

-Буйрық болды -орындаисындар". (С.Сейфуллин).

Бұл мысалдардагы жедел өткен шақ тулғалы етістіктерді шартты рай формасына қойып айтуда да болады. Бұдан негізгі мазмұнға нұқсан келмейді (астының - ассаның, айтты - айтса, болды-болса).

Өткен шақ формалары іс=әрекет қимылдың жанды бейнесін беру үшін кейде осы шақ мағынасында да қолданылады. Өткен шақ тулғалары сөйлеу кезеңінде әлі аяқталмаған қимылды бере алады. Бұл жағдайда өткен шақ пен осы шақтың жақындығы байқалады. Мысалы: бір сәттік, бір дүркінді қимылдар өткен шақ, формасы арқылы беріледі. Ондай қимылды тіпті "казір" сөзін қолдану арқылы да осы шақта беру мүмкін емес (Казір шар жарылды). Уақытты білдірудің грамматикалық және лексикалық амалдары әрқашан бір=біріне сәйкес келе бермейді.

Өткен шақ формаларының осы шақ мәнінде қолданысы келер шақ мағынасында қолданылуына қарағанда сирек ушырасады. Мұндай конструкциялардагы қимыл көтеріңкі сырттатта болып, экспрессияны үлгайта түседі.

- Рас, тез жетініз. Әйтпесе...

- Болды, - деді Мыңқыш. - Міне, аттаным. Өзің дайын түр (Ә.Асабаев).

- Ал мен кеттім. Ержігітті іздеуге ("Сиқырлы шам").
- Ендеше жумбагымды айтам.
- Ал тыңдаңык (С.Кенжеахметов).
- Ойбай, баттым. Қемектесіндер.

Жогарыдағы мысалдардагы асты сызылған -ды өткен шақ тулғасы етістіктердің барлығының мәғыналарына ортақ сыртап - олардың іске аспаған әрі орындалмаған күмылды білдіруі. Бул етістіктердің сейлеуші өткен шақ тулғасын пайдалану арқылы сейлеудегі моментінде қолданып тур.. Алайда аттаным, кеттім, тыңдаңык, баттым етістіктерінің беріп турғаны осы шактық мәғина. Аттавынып барамын, кетіп барамын, тыңдаң тұрмыз, батып барамын тулғасында үгүйнілатын жогарыдағы формалар сейлем процесінде ықшамдалып, үнемделіп, әрі сейлемге эмоциялық реңк беріп қолданылып тур. Мұндай жағдайда екі түрлі мәғинаның бір-бірімен соктырысуын көреміз. Бірі контекст әркілі туындаған осы шактық мәнінде, екіншісі - етістік формасының өткен шактық мәғинасы. Осындағы семантикалық элементтердің соктығысының нәтижесінде күмылдың өткен шактық мәні аудиоспала әрі образлы болып табылады. Іс-әрекет жүзеге асқан сияқты бейнеленеді, ал шын мәнінде күмыл осы шақ мәнін беру үшін жүмсөліп тур. Грамматикалық формалың шактық мәні мен контекст мәғинасы арасындағы осындағы соктығыстың маңызды нәтижесі ретінде күмылды өткен шаққа жатқау, мәғинасының алстіреуін айтуга болады. Грамматикалық формалың мәғинасы контексттен туындағын негізгі денотативті мәғинаның конкреттесінде айналады.

Өткен шақ тулғаларының осы шақ мәнінде қолданылу жағдайы ауди зәдебиеті шығармаларында да кездеседі. Мысалы:

'Айнел айын жөнеше=ау,
Мінеің еді өзгеше=ау.
Сапар тарттым алысқа
Барасын қайда демеші=ау.

(Батырлар жыры).

"Тал ап кылдың жөнеше=ау,
Осылай киыл қылмакқа.
Түлпар мінін жол тарттым.
Басымды жолға салмаққа.

(Батырлар жыры).

Бул үзінділерде кейіпкердің коштасу сәті бейнеленген.

Алайда оның аттану алдындағы езінің соңғы коштасу сәтіндегі сөзінен шақ формаларын алмастырып пайдаланғанын байқаймыз. Персонаждың булагай зерттеуден шақ формаларын анықтаудың тәсілдерінде Сапар тарттым, жол тарттым конструкцияларын кейіпкер әдеби колданып тұр. Бул сөздердің сапар тарттып барамын, жол тарттып барамын мәнінде үгініліп турғаны айқын.

Еткен шақ формаларының транспозициясы жайлы айтқанда айта кететін тағы бір мәселе - бул тұлғалардың басқа рай магынасын беруге де қабілеттілігі. Біз жоғарыда еткен шақ тұлғаларының шартты рай мәнін берудегі кейбір колданыстарын айтты еткен болатынмыз.

Ендігі токтальмыныз - еткен шақ формаларының императив мәнін беруінің кейбір жағдайлары.

- Күресейік, - деймін.

- Күрессек, курестік. Жылтығанымызың жықканымызың елу қадам жерге арқалап баратын болсын (К.Найманбаев).

- Ал, батырлар, алға тарттық,- деді де ол машинасымен ілгері жүріп кетті (Е.Қазбеков).

Бул мысалдардағы курестік, тарттық жедел өткен шақ тулғалы етістіктерден императивтің кешле і жактық мәғынасының барлығы да байқауға болады. Қерсетілген етістіктердің күресейік, тартайық мәніндегі функциясының басым екендігін үгіну қын емес. Ескерте кететін нәрсе - бул етістіктерді аудиспала келер шақ тулғасына да қойып айтудың болатындығы. Алайда императив формасына да, индикативтің аудиспала келер шақ тулғасына да ортақ нәрсе - күмбілдің әлі жүзеге аспауын білдіруі. Осылай екі жакты үгінуға болатын осы типтес конструкциялар тілімізде кездесіп отырады. Мұндай қолданыстар аудың екі сәйлеу тілі мен көркем шығармалардағы кейіпкерлер тіліне тән болып келеді.

Өткен шақ формаларының транспозициясын бақылау кезінде етап кететін жайт - мұндай аудиспала қолданыска бул формалардың ішінде әсіресе жедел өткен шақ тулғаларының бейімділігі. Бундай ерекшелік жедел өткен шақ формасының функционалды - семантикалық потенциалының кеңділігімен байланысты.

-ған, -ып тулғалы бурынғы өткен шақ формаларының да сирек те болса аудының қолданылу күбынысы ушырасып отырады.

-ған формалы етістіктер кейде аудиспала осы шақ мәнінде қолданылады. Бул форма арқылы өткен уақытта болған, ал нәтижесі сәйлеу моментіне тән амал, іс-әрекеттер бейнеленеді. Бірақ бул форма арқылы бейнеленген күмбіл нәтижесі әрқашан сәйлеу моментіне сай келе бермейді. Осы шақ мәнін берудегі қолданысында бул формалар оқиғалының, күсымшылықтың сыпатьын беріп отырады, -ған өткен шақ тулғасы әсіресе сәйлеу кезеңінде, табиғат көріністерін беруде жілі қолданылады. Табиғат көріністерін көз алдына келтіріп

суреттеге арқылы сейлеуші тыңдаушының да сол күсылысты өзіндегі елестетуге тырысады. Сол үшін де оқиғаларды жаңа болып жатқандай суреттейді:

"Бақайының арасын шұқылаумен отыр. Кеңі шарасынан шығып кеткен". (Ш.Күмісбаев).

"Маңдайындағы жыра-жыра әжімнен шып=шып тер шығып тур. Басындағы жаңа қалпағы бір шекелеп қисайып кеткен" (Ш.Мұртазаев).

Мысалдардагы -ған еткен шақ түлғалы етістіктер осы шақ формаларындағы етістіктермен қатар қолданылған тур. Осындай қолданыстар арқылы контекстің осы шақтық мәғынасы айқындала түседі.

-ған формасы арқылы бурын болған оқиғалар сейлеушінің көз алдында етіп жатқандай бейнеленеді. Бундай қолданыс көркем шығармаларда шегіністерде, кейінкерлер естеліктерінде жиі көзделеді.

-ған еткен шақ формасы осы шақтағы күмыл, әрекеттерді білдірумен бірге өзінің негізгі категориялды мәғынасын жүгелтпайды, тек белгілі бір контексте гана осы шақтық мәнінде қолданылады, негізінен еткен шақта болған амалды білдіреді. Соңықтан да оның мәғыналық әрекетінің осындай екі жакты сипаттын умытпаву керек. Бул форманың грамматикалық табиғатының мұндай қасиетін көзінде Н.К.Дмитриев айтты кеткен болатын.

-ып, / -п, -п). түлғалы еткен шақтық өзінің функционалдық сипаттына байланысты транспозициясына ушырауы өте сирек.

-Күс атқан біреу шыгар.

-Кім біліпті. (Ш.Күмісбаев).

- Өзіне қолбала етіп алмақ шыгар.

- Сейлепсің. Мен де адам емеспін бе. Кінә қоятыныңды қайдан білдің. - деді Бихат ашуланып (Ш.Күмісбаев).

Бул мысалдардагы -ыш/-іп, іп/ еткен шақ тұлғалы етістіктердің аудиопалы осы шақ формасына қойып та /біледі, сейлемесін/ алмастырып айтуга болады. Еткен шақ тұлғасында айтылуында бул етістіктер арқылы контекске стильдік ренк беріліп, ондагы эмоциялық пен экспрессивтілік ерекше сезіліп түр.

Сонымен, еткен шақ формаларының транспозициялық құбылысын байқағанымызда, оның тілімізде көздейсок сыпат алмайтындығын көреміз. Формалар қызметінің аудиосу түрлі мәғыналық реңктердің тууына, экспрессивтіліктің улғасына алыш келеді. Шақ тұлғалары транспозициясының тіліміздің қолданылу сферасының көзекіне мүмкіндік туғыза алатын, есіндік орын бар құбылыс екеніне жарындағы фактілер мысал бола алады. Бул қолданыс кимыл іс-әрекетті көркем берудің бір қуралы ретінде қызмет етеді.

Етістіктің шақ формаларының аудиопалы қолданысын зерттеу қазақ тілінің грамматикалық стилистикасы үшін де пайдалы болып тасымалда. Грамматикалық құбылыстардың осындай стильдік аспектістің зерттеу шақ формаларының қолданылу ерісін нақтылы айқындауға мүмкіндік береді. Етістіктің шақ формаларының транспозициясы, грамматикалық форманың мәғынасының контекст мәғынасына сай келмеуі қазақ тілінде де орын алған құбылыс. Шақ формалары транспозицияға түрліше бейімділігімен сырттапталады. Еткен шақ тұлғаларының ішінде аудиопалы қолдануға бейімі -ды еткен шақ формасы. Бул форма контексте осы және келер шақ мәғыналарын бере алады.

Шақ формаларының транспозициясы ерекше экспрессивтілік және эмоционалдықпен сырттапталады. Мундай ерекшелік форманың грамматикалық мәғынасы мен контекст арасындағы қайшылықтан туындаиды.

Метод. план 1986. лоз.58

Составитель: ТУЙМЕБАЕВ Ж.К.

МЕТОДИЧЕСКАЯ РАЗРАБОТКА ПО ТЕМЕ "КАТЕГОРИЯ ПРОШЕДШЕГО ВРЕМЕНИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ"

(для студентов филологического факультета)

Подписано в печать 26. 06. 86.

г.Алма-Ата, ул.Тимирязева 46 КазГУ

Типография оперативной печати производственного объединения полиграфических предприятий "КИТАЙ" Государственного комитета КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли.
г. Алма-Ата, ул. К.Маркса, 15/1.